Нартай Ажар Нартайқызының
«6D030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесіне ізденуге арналған

«Қазақстан республикасының құқық жүйесіндегі геномның заңдық мәртебесін сәйкестендіру мәселелері»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі (жауаптардың біреуін белгілеу қажет)	Ресми рецензенттің ұстанымы (ескертулерді курсивпен белгілеу керек)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы.	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында геномды құқықтық сәйкестендіру мәселелеріне арнайы мемлекеттік бағдарлама болмағанымен, адам геномы туралы конвенцияны ратификациялаған соң сол халықаралық саясат негізінде нормативтік тұрғыда бір қатар үдерістер жасалып жатыр. Оларға «Гендік инженерлік қызметті мемлекеттік реттеу туралы» заң жобасының әзірленуін атап кетуге болады, ол туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы

		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	30 қыркүйектегі №1012 қаулысы бар. Сонымен бірге, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 14 қыркүйектегі №149 бұйрығымен «Қазақстан Республикасында медико-генетикалық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты» бекітілгенді жатқызсақ болады. Жақында геномдық және дактилоскопиялық тіркеу туралы заң қабылданды. Қылмыстық кодекске адамды клондау мәселесіне қатысты арнайы бап енгізілді. Жоғарыдағыны айта келе Қазақстан Республикасында соңғы он дылдық ішінде нормативтік тұрғыда бір қатар жұмыстар жасалап жатқаны анық. Сол себептен диссертация ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға толығымен сәйкес десек болады
		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	
		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	2.1. Жұмыс ғылымға **<u>елеулі үлесін қосады</u>**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **<u>ашылған</u>**/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыстың маңыздылығы жоғары дәрежеде ашылған, құқықтану теориясына және тәжірибесіне елеулі үлес қосады. Нақтырақ келтіретін болсақ құқықтану ғылымындағы үлесі интердисциплинарлы әдісемелік

			құралдар негізінде заң ғылымында жаңа инновациялық бағытар ашып көптеген мемлекеттік, қоғамдық және халықаралық деңгейде геномға қатысты өзекті мәселелеріне заң тұрғысынан ғылыми сипаттама береді. Сонымен қатар диссертацияда келтірілген нәтижелер негізінде көптеген биохакерлерге қатысты, гендік модификацияланған тағамдарға қатысты, генетикалық залал келтіруге және басқада мәселелерге қатысты құқықбұзушылықар жүйесі анығымен ашылған.
3.	Өзі жазу принципі	3.1 Өзі жазу деңгейі: 1) **жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Автор диссертациялық зерттеу жүргізу барысында ғылыми мәселелердің жүйелі шешімін өзбетінше жоғары деңгейде шеше алған. Сонымен қатар автор бірнеше ғылыми мақала дайындаған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) **негізделген;** 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі біріншіден, гендік инженерия нәтижелерімен күнделікті өмірде кез келген азаматтың үнемі бетпе-бет келуінен; екіншіден, келесі ұрпақтардың гендеріне әсер ету деңгейінің жоғары болуынан туындайды. Гендерді қорғау кез келген мемлекеттің, соның ішінде

			Қазақстанның негізгі саясаты болып табылады. Әдеби деректерге сәйкес, геномдық қатынастардың дамуындағы төрт негізгі сектор макро деңгейде келесідей: экология саласы – ландшафттық проблемалармен, соның ішінде шөлейттену мәселелерімен күресу; агро және ауыл шаруашылығы саласы – жоғары бейімделгіштікке, түрлі ауруларға төзімділікке және стресске төзімділігі жоғары егін дақылдарының жаңа сорттарын жылдам дамыту, жоғары өнімді үй жануарларының тұқымдарын өсіру; денсаулық сақтау саласы – онкологиялық аурулармен, вирустармен және басқа да аурулармен күрес, сонымен қатар экстракорпоральдық ұрықтандыру саласы, мұнда кейбір генетикалық аурулардың алдын алу мүмкіндігі бар; және азық-түлік өнеркәсібі секторы. Сонымен, қазіргі заманда геномдық құқық элементтері тек мамандандырылған әрекеттерде ғана емес, арнайы зерттеулермен ғана шектелмей, сонымен қатар әр азаматтың немесе ұйымның күнделікті өмірінде де кездеседі.

		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Диссертация мазмұнына келетін болсақ мазмұнды құрылымдық жағынан және систематикалық жағынан логикалық тұрғыда жүйелі десекте болады. Яғни мазмұнының күшті жағы міндетемелер жүйесі толығымен бірінің артынан бірі ашылып нақты жүйеге келтірілген.
		1) **айқындайды;**	
		2) ішінара айқындайды;	
		3) айқындамайды.	
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Диссертациялық зерттеудің мақсаты, Қазақстан Республикасының заңнамалық нормаларын басшылыққа ала отырып, әдеби шолу, нормативтік-салыстырмалы талдау, прецеденттер мен статистикалық деректер негізінде геномның Қазақстан Республикасындағы құқықтық мәртебесін айқындау, геномдық құқықтық қатынастардағы тәуекелдер мен талдау құралдарын көрсете отырып, реттеу аясын нақтылау. Алға қойылған мақсатқа сәйкес зерттеудің міндеттерін шешу бірте-бірте жүзеге асырылған және нәтижеге қол жеткізілген.
		1) **сәйкес келеді;**	
		2) ішінара сәйкес келеді;	
		3) сәйкес келмейді.	
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Қорғауға шығарылатын тұжырымдар диссертациялық зерттеу бөлімдерінің мазмұнының логикалық тұжырымдары болып табылады және бір-бірімен
		1) **толық байланысқан;**	

		2) ішінара байланысқан;	толық байланысты.
		3) байланыс жоқ.	Диссертация қорытындысында баяндалған өзге де анықтамалар, тұжырымдар мен ұсыныстар ғылыми жұмыстың кіші бөлімдерінің мазмұнымен қисынды негізделген. Ізденуші алған барлық ғылыми нәтижелер тиісті дәлелге ие, жалпы ғылыми, жеке ғылыми және эмпирикалық зерттеу әдістерінің кешенін қолдану арқылы қамтамасыз етіледі
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Сыни талдау нәтижесі бойынша: - салыстырмалы-құқықтық талдау негізінде геномның мәртебесіне қатысты отандық заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірленген; - геномға қатысты үдерістер және биотехнология саласындағы зерттеулер саласындағы заңнаманы ретеу бойынша ұсынымдар берілген; - геномдық бағыттағы құқыққатынастардың сипаттамасын қалыптастырған; - геномдық құқықтық бағыттағы потенциалды құқықбұзушылықтар бойынша істердің нәтижелерін жан-жақты талдау жүргізу негізінде
		1) **сыни талдау бар;**	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	

			бірқатар ұсынымдар дайындалған. Аталған шешімдер жалпыға белгілі шешімдермен салыстырғанда жаңа болып табылады.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар 75% жартылай жаңа болып табылады. Қазақстан республикасының құқық жүйесіндегі геномның заңдық мәртебесін сәйкестендіру мәселелері құқықтану теориясында және тәжірибесінде фрагменттік сипатта қолданылады.
		1) толығымен жаңа;	
		2) **ішінара жаңа (25-75% жаңа);**	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертацияның қорытындылары 75% жартылай жаңа болып табылады. Заңның салыстырмалы түрде жаңа болуы геномдық тіркеу бойынша құқықтық нормалар соңғы 2–4 жылда қалыптасып отыр — бұл сала әлі де жаңа және зерттелмеген. Әсіресе 2021–2024 жылдар аралығында заңнамалық база қалыптасқандықтан, бұл тақырып қазіргі заманда ерекше жаңа. Диссертацияның қорытындыларының жаңалығын қарастырғанда осыға дейін геномдық құқықтық қатынастар арнайы құқықтық ғылымдарда қарастырылмағын. Біріншіден қазіргі заманда геномдық құқық элементтері
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

			тек мамандандырылған әрекеттерде ғана емес, арнайы зерттеулермен ғана шектелмей, сонымен қатар әр азаматтың немесе ұйымның күнделікті өмірінде де кездеседі. Екіншіден қазіргі уақытта геномдық құқық объектілері өз түрлері, типтері, формаларына сәйкес нақты жіктеліп, осы саладағы белгілі бір зерттеулермен тығыз байланысты болып табылады. Яғни Қазақстан Республикасында алдағы он жылдыққа бекітілген басым және мамандандырылған бағыттар негізінде геномдық құқықтың барлық объектілерін үш негізгі топқа бөлуге болады: флора объектілері (өсімдіктер әлемі), фауна объектілері (жануарлар әлемі) және адаммен байланысты объектілер. Жақын арада объекттер тізіміне басқа салаларда қосылуы мүмкін. Үшіншіден, қазіргі уақытта Қазақстан Республикасындағы геномдық құқық субъектілерінің мемлекеттік тізімдерде тіркелген қызмет түрлеріне сәйкес нақты жүйеленуі бар. Ол дегеніміз мемлекеттік тараптан қатаң қадағалауды тек атқарушы органдар

			тарапынан ғана емес, арнайы және жалпы зерттеулер саласындағы ұлттық мемлекеттік ғылыми техникалық сараптама орталығы тарапынанда қадағаланатынын білдіреді. Ол дегеніміз ҰМҒТСО рөлінің ерекше қырларын білдіреді. Деседе алдыңғы онжылдықта биохакерлерге қарсы күрес стратегиясын орнату қажет. Төртіншіден, халықаралық құқықтық сипаттағы механизмдерді талдай отырып, халықаралық құқықтық кеңістікте адам геномы, клондау және геномдық операцияларды терапевтік мақсатта қолдану мәселелеріне ерекше вектор берілгенін атап өткен жөн. Бесіншіден, Қазақстанда геномдық қатынастарды құқықтық реттеу жүйесі заманауи талаптарға жауап беріп, тиімді түрде жүзеге асырылуда. Генетикалық ақпаратты медицина мен құқық қорғау саласында қоғамның игілігіне пайдалану үшін қажетті құқықтық тетіктер қалыптастырылған. Қазақстанда геномдық қатынастарды құқықтық реттеу жүйесі санкция тұрғысынан қазіргі заманғы талаптарға жауап береді. Бұл геномдық құқық

			объектілері мен субъектілері жүйесін санаттарға бөлу үшін диспозиция нормаларын күшейтуді талап етеді. Алтыншыдан, көптеген прецеденттердің жалпы қағидасы адам геномына қатысты зерттеулер мен материалдарды пайдалану кезінде адамның қадір-қасиетін, жеке меншігін, еркін келісімін және денсаулығын қорғаудың басымдығы басым екенін анықтасақ болады. Жетіншіден, зерттеу барысында респонденттердің едәуір бөлігі бұл қатынастарды нақты азаматтық-құқықтық механизмдер арқылы диспозицияның нақты формасымен реттеу қажет деп санайтыны анықталды. Сегізіншіден, диспозитивті нормалар тұрғысынан Қазақстанда геномның мәртебесін реттейтін арнайы нормативтік-құқықтық акт, сондай-ақ оған байланған іс-әрекеттер мен әрекетсіздіктерді реттейтін нақты авторлық құқықтық анализаторлар қажет. Тоғызыншыдан, мұндай анализаторда тек құқықтар ғана емес, сонымен қатар биоэтикалық нормалар да қарастырылуы керек.

		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; **2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);** 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері 75% жаңа болып табылады. Қазақстан Республикасының құқық жүйесіндегі геномның заңдық мәртебесін сәйкестендіру мәселелері құқықтану теориясында, тәжірибесінде ашық дерек көздерден, арнайы базалардан жинақталған және сот шешімдерін талдау алғаш ұсынылуда. Одан басқа статистикалық зерттеулер тұрғысынан корреляциялық мәліметтер сапалы түрде талданып, прецеденттерге баға беріліп жаңашыл авторлық анализаторлар құралған. Алайда, автор нормативтік құқықтық актілерге енгізуді ұсына отырып, оны жүзеге асыру бойынша талап етілетін ресурстық талдау мен шығындарды ескермеген.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	**6.1 Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/**негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық зерттеудің нәтижелері таңдалған зерттеу әдістерінің жиынтығымен және зерттелген әдебиеттердің үлкен көлемімен расталады. Оның үстіне сапа жағынан және аналитикалық дағдылар жағынан диссертант әдебиеттік шолуды систематикалы түрде сапалы жасағаны

			анық. Оған дәлел әр тарауда және әр тармақта пропорционалды принципты сақтай отырып диссертант нақты тақырыпқа сәйкес территориалды аумақты проблемаларына сай жіктеу көрсетті. Оның ішінде әр тармақта дерекер отандық зерттеулер, жақын шет ел зерттеулер және алыс шет ел зерттеулер бойынша типтеп қарастырған. Сапа жағынан ол тәсіл жоғары болып саналады.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі тұжырымдар	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Тұжырым дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) иә; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) иә;	Диссертацияда қорғауға шығарылған негізгі үш тұжырым ұсынылады. Ғылыми танымның заңдылықтары мен принциптерін сақтай отырып алынған. **1-тұжырым – дәлелденді, тривиалды емес, жаңа, қолдану деңгейі кең, мақалада дәлелденген.** Тұжырым шетелдік және отандық көптеген әдебиеттер авторларының және нормативті құқықтық актілеріне сүйене отырып биохакерлермен күрес нысанын орнатқан жөн екенін көрсетеді. **Тұжырым SCOPUS дерекқорындағы журналда және ЖАК тізіміндегі журналдағы жарық көрген мақалаларда дәлелденген:** «Көлеңкелі геномдық зертханалар

		2) жоқ 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) иә; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	секторына шолу жасай отырып, қылмыстық кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы күрестің кейбір мәселелері» (Нартай А.Н., Шалхаров Е.С., Досекеев О.Б., Иманбекова М.М., Акимбаева А.А.) «Issues Of Legal Identification Of The Status Of The Human Genome» (Нартай А.Н.); **2-тұжырым – толығымен дәлелденді, тривиалды емес, жаңа, қолдану деңгейі жоғары, мақалада дәлелденген.** Автормен Қазақстан Республикасында геномдық құқықтық қатынастардың жұмыс істеу жүйесін қамтитын арнайы нормативтік-құқықтық акт қажет екені дәлелденген. **Тұжырым мақалада дәлелденген:** «Құқықтық реттеу жүйесіндегігенетикалық инженерияға қатысты актілердің орны (Нормативтік-құқықтық талдау)» (Нартай А.Н., Шалхаров Е.С., Битемиров Қ.Т); **3-тұжырым – толығымен дәлелденді, тривиалды емес, жаңа, қолдану деңгейі жоғары, мақалада дәлелденген.**

			Практикалық саладағы прецеденттер мен мамандандырылған сауалнамалар нәтижелеріне сүйене отырып, Қазақстандағы геномдық құқықтың азаматтық-құқықтық бағыттылығы басым екендігін анықтауға болады. Бұл ерекшелік геномдық құқықта мүліктік және мүліктік емес жеке қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығының болуына байланысты, атап айтқанда міндеттемелік құқықтың, шарттық құқықтың, авторлық құқықтың элементтері, сондай-ақ жекелеген әрекеттер мен әрекетсіздіктерге қатысты азаматтар мен заңды тұлғалар арасындағы қатынастардың тәртібі диспозициялық нормалар негізінде белгіленген. **Тұжырым мақалада дәлелденген:** «Система прававого регулирования операций,связанных с маневрами над геномом» (Нартай А.Н., Шалхаров Е.С., Битемиров Қ.Т); «The role of human genome related legal study development» (Nartay A.N., Shalkharov Y.S., Bitemirov K.T.).
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Әдіснама нақты жазылған және әдістемелік негізде автор кешендік

	ақпараттың дәйектілігі	1) **ия;** 2) жоқ.	тәсілдерін көрсеткен. Алайда, диссертациялық зерттеудің құрылымы бойынша Қазақстандық прецеденттер көрсетілмеген. Деседе сот кабинетінің жабықтығы негізінде кейбір прецеденттерді жария етуге болмайтындықтан ескертпе формальды түрде жәнеде диссертация сапасына әсер етпейді.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертациялық зерттеу заманауи ғылыми зерттеу әдістерін, соның ішінде әртүрлі ақпараттық-коммуникациялық мазмұнды кеңінен қолдана отырып жүргізілген. Компьютерлік технологияларды пайдалана отырып, сұрау алу мен оны зерделеу нәтижелері диаграмма көрсеткіштерімен нақтыланған.
		1) **ия;** 2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Диссертацияда ұсынылған теориялық тұжырымдар, модельдер, анықталған қатынастар мен заңдылықтар түрлі әдістемелік зерттеумен дәлелденген және расталған. Бұл диссертацияда ұсынылған ғылыми ережелер мен тұжырымдарды сенімді және негізделген деп санауға мүмкіндік береді. Сот тәжірибесін талдауға

		1) ия; 2) жоқ.	қатысты, зерттеу нәтижелерінің сенімділігі мен қайталануын қамтамасыз ету үшін сандық деректер статистикалық әдістерді пайдалану арқылы объективтілік пен дәлдікті қамтамасыз ету мақсатында өңделді. Теориялық болжамдардың қосымша расталуын қамтамасыз етті. Деседе нақты алыс шет ел прецеденттерді нақты сілттемелерімен қарастырғаны диссертация деңгейін жоғарлатады.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған.	Диссертацияда тұжырымдалған барлық тұжырымдар теориялық ой мен заңнамалық өзгерістердің жағдайы мен динамикасын көрсетуге мүмкіндік беретін жақсы уақыт ауқымы бар құқықтық және теориялық дереккөздердің едәуір санын қолдануға негізделген.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз.	Жұмыста мәселені ғылыми тұрғыдан дамыту үшін жеткілікті зерттеу тақырыбы бойынша 171 әдеби дереккөздердің тізімі қолданылды.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) **бар;** 2) жоқ.	Диссертацияның қазіргі заңнамалық өзгерістер аясында ғана емес, сонымен қатар кейінгі зерттеу жұмыстарын жүргізудің теориялық негізі ретінде қабылдануы мүмкін қорытындыларды

			сауатты енгізу арқылы үлкен теориялық маңызы бар.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Заңнаманы және құқық қолдану тәжірибесін жетілдіруге байланысты автордың көптеген тұжырымдары жоғары функционалды болып табылады, заңнаманың қазіргі динамикасына және зерттелген бағыт шеңберіндегі негізгі мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді.
		1) **ия;** 2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Практикалық ұсыныстар 75% жаңа болып табылады. Пікір берілген диссертация аясында ғылыми нәтижелер мен ережелердің жартылай жаңалығын тануға болады, өйткені олардың басым көпшілігі ғылымда бұрын тұжырымдалған нәтижелер мен ережелерді қайталамайды.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Жұмыс материалды ұсынудың айқын академиялық стилімен, ғылыми және формалды-құқықтық дәлдіктің жоғары деңгейімен, мәтіннің сипаттамалық дизайнының сенімділігімен ерекшеленеді.
		1) **жоғары;**	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен.	
11.	Диссертацияға ескертулер		Жұмыстың мазмұнында орфографиялық, стилистикалық

			кемшіліктер кездеседі. Атап айтқанда, - автор жұмыста «геномдық», «генетикалық» ұғымдарымен қатар, «гендің», «биоинжеренриялық» ұғымдарын да қолданады, бұндай олқылықтар біріздендіруді қажет етеді; - жұмыстың 59 бетінде «биохакерлер» ұғымына сипаттаманы ашып көрсеткен жөн егер зерттеу мақсатына сәйкес келетін болса; - 41 беттегі кесте секілді биохакерлерге қатысты істер кестесін құрған жөн егер зерттеу мақсаттарына сәйкес келсе. - 119-129 беттер арасындағы диаграммаларға генетикалық дефекттермен жұмыс жасайтын тұлғалардыда сауалнамаға қосқан жөн егер этикалық қағидаларды бұзбаса. Деседе бұл ескерту формальды түрде себебі этикалық қағидалармен қайшы келуі ммкін. Сол себептен диссертация сапасына әсер етпейді; Жоғарыда аталған ескертулер әдістемелік құрылымына, ғылыми жұмыстың нәтижелеріне кедергі келтірмейді және диссертация сапасын төмендетпейді.

12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Диссертация мақалалар сериясы нысанында емес, диссертациялық жұмыс негізінде қорғалады.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Дисертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Дәрежелерді беру қағидалары» талаптарына сәйкес келеді және Нартай Ажар Нартайқызына «6D030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсыныс жасауға болады деп есептеймін.

Ресми рецензенттер пікірлерінде келесі шешімдердің бірін көрсетеді:

1. Философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру.

«6D030100 – Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Нартай Ажар Нартайқызының «Қазақстан республикасының құқық жүйесіндегі геномның заңдық мәртебесін сәйкестендіру мәселелері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына оң пікірімді бере отырып, жұмыс қойылатын талаптарға сәйкес және философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензент:
«Нархоз университеті
Құқық және мемлекеттік басқару» мектебінің
қауымдастырылған профессоры, PhD докторы: **С. Адилгазы**

РАСТАЙМЫН/ЗАВЕРЯЮ
(ҚОЛЫ/ПОДПИСЬ)
Кадрлық әкімшілік бөлімінің басшысы
Начальник Отдела кадрового администрирования
Кадрлық әкімшілік бөлімі
Отдел кадрового администрирования